

**«Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» МКҚК мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК арасындағы әлеуметтік әріптестік
МЕМОРАНДУМЫ**

«25» 08 2020 ж.

Түркістан қаласы

«Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» МКҚК, мұнан әрі қарай «Маман даярлап беруші» деп аталады, колледж директоры А.Абпазов және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК мұнан әрі қарай «Жұмыс беруші» деп аталады, директоры Н.Ахметжанов арасында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, білікті мамандарды даярлау мақсатында колледж жарғысы негізінде меморандум жасалды.

Тараптар осы меморандум арқылы төмендегіше келісімге келеді.

I. Маман даярлап берушінің міндеті:

1. Білім берудің жаңа талаптарына сай кәсіби мамандарды даярлауға;
2. Оқушыларға білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасауға;
3. Өзін-өзі жетілдіруде жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамытуға қол жеткізуге;
4. Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне атсалысатын, өз азаматтық құзыреттілігін, құқықтары мен міндеттерін сапалы түрде ұғынатын кәсіби мамандарды қалыптастыруға;
5. Оқытуды заманауи білім беру технологиялары және ақпараттық технологияларымен жабдықтауға;
6. Педагог мамандардың біліктілік деңгейін арттыруға;
7. Әлемдік білім беру кеңістігіне және мәдениет жетістіктеріне ықпалдастыруға.

II. Жұмыс берушінің міндеті:

1. Кәсіптік практикаға жіберілген оқушылардың білім алып отырған мамандығы бойынша өндірісте практикадан сапалы өтуін және оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтауын қамтамасыз етуге;
2. Бекітілген оқушы санына байланысты практикадан өтетін оқушыларға өндірістік базаны дайындауға;
3. Оқушыларға кәсіптік практикадан өту кезінде жұмыс орны бойынша білікті мамандардан тәлімгер тағайындауға;
4. Оқушылардың сапалы білім алу мотивациясын арттыруға.

III. Меморандумның қолданысқа енуі:

Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және тұрақты негізде қолданыста болады.

IV. Тараптардың заңды мекен – жайы:

«Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» МКҚК
Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 1-ші
Ықшам аудан №24В ғимарат
Тел., факс: (8 725 33) 4-06-46
Директоры  А.К. Абпазов

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі» РМҚК
Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
Әйтеке би көшесі №16
Директоры  Н.Ахметжанов

